

ЛИТЕРАТУРА

1. Методика преподавания литературы: Учебное пособие / Под ред. З.Я.Рез. – М., 1977.
2. Маранцман В.Г., Чирковская Т.В. Проблемное изучение литературного произведения в школе. – М., 1977.
3. Маранцман В.Г. Цели и структура курса литературы в школе // Литература в школе. – 2003. – №4.
4. Ионин Г.Н. Школьное литературоведение: Учебное пособие к спецкурсу. – Л., 1986.
5. Зинин С.А. Внутрипредметные связи в изучении школьного историко-литературного курса. – М., 2006.
6. Маранцман В.Г. Роман А.С.Пушкина «Евгений Онегин» в школьном изучении. – М., 1983.
7. Маранцман В.Г. Изучение литературы в 8 классе. – М., 1987.
8. Маранцман В.Г. Изучение литературы в 9 классе. – М., 1992.

Ы.АЛТЫНСАРИННИң АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ОҚУ – ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Кудербекова А.С.

Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің ММ №16 орта мектебі

Педагогикалық ойлар қазақ халқының рухани-мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде көне ғасырдан бері қалыптасып дамып келе жатқан педагогика ғылымы деңгейіне жетті. Алғаш халықтың ауыз әдебиетінің барлық жанрында, әдет-тұрып, салт-дәстүрде жарық көрген тәлім-тәрбие тәсілдері, әдістері әр кезеңде өмір сүрген қайраткерлердің ойлары, іс-әрекеттері, жарияланған еңбектерінде жүйеленіп дамытылды.

Қазақ халқы үшін педагогикалық ойлардың дамуының бетбұрыстық сипат алып биік-ке көтерілу кезеңдерінің бірі XIX ғасырдың екінші жартысы деп есептелінеді. Өйткені бұл кезеңде ағартушылық әрекетімен, саяси-әлеуметтік, философиялық толғаумен қазақ қоғамының дамып ілгерілеуіне үлес қосқан Ш.Ұәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев.

Сол XIX ғасырдың екінші жартысындағы саяси-әлеуметтік сипат аясындағы тарихи-мәдени өлшемдер тұрғысынан қарағанда Ы.Алтынсариннің білім берудегі сінірген еңбегі өз заманындағы жаңа типті мектеп ашып, оқу-әдістемелік құралдар дайындағанын ұлы істің бастамасы деуге болады.

Қазіргі білім беру жүйесінің жаңа құрылымы мен оқу әдістемелік жұмыстарының мазмұнының өзгеруі мүғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуды, шындауды талап етеді.

Ұбырай Алтынсарин өзінің педагогикалық – үйідастыруышылық әрекетінде бірнеше маңызды принциптермен әдістерге сүйенди.

Біріншіден, білім беруді өліппеден бастауды ұсынды. Бұл заңдылық жалпы адам танымының қисынынан туындаиды. Бұл да маңызды дидактикалық принцип.

Екіншіден, білім беруде жүйелілік әр уақытта сақталуы қажет, әркімнің өзі білгенінше сабак өткізуіне болмайды. Кез-келген пәнді оқытуда белгілі бір жүйе, қабылданған стандарт болуы қазір де аса маңызды талап. Осы принципке сүйене отырып, Ы. Алтынсарин сол кездегі мектептер жұмыстарына сараптاما беріп отырган.

Үшіншіден, білім беру ісінде теориялық баяндау мен нақты іс-тәжірибе бірін-бірі то-лықтыруына аса үлкен мән берген. Ы.Алтынсарин ғылым мен техниканың ұлы жаңалықтарын өзінің шағын әңгімелерінің арқауы еткен ғалым.

Төртіншіден, білім берудегі әттикалық әрекшеліктерге мән береді «Енді мен қырғыз хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатырын... бұл бөлімнің тарихи мәліметтер жөнінде тарауына қырғыз халқының өз тарихынан материалдар енгізу керек болып отыр, бірақ ондай материалды қайдан аларымды білмеймін... Өз тұған халқыма қырғыз тілінде жалпы білім беретін, дұрысын айтқанда, ғылыми мәліметтермен құрастырылған тағы бір енбекімен қызмет етпекпін» деп атап көрсетті.

Бесіншіден, білім беруде баланың жыныстық қасиеттерін де есепке алу қажеттігіне ұсынды. Олардың әрқайсысының табиғи ерекшеліктеріне сүйене отырып, бастауыш мектептерде балаларды ағаш өнеріне, қыздарды қол шеберлігіне үйрету көзделді. Мұның өзі Ы.Алтынсариннің ете көреген, алға ұмтылған педагог екенін көрсетеді.

Алтыншыдан, Ы.Алтынсарин білім беру процесінің ізгіліктік сипатын анықтайды. Білім адамды рухани байытады, жанын жадыратады, жақсылыққа жетелейді, көнілін көтереді, рухын нығайтады, жігерін қүшейтеді.

Ұбырай Алтынсариннің білім және тәрбие беру мақсаттары өмір талабынан туып, қазақ халқының жалпы мұн-мұқтаждарымен астарласып жатыр. Ұбырайдың педагогикалық мұраты балаларға «жан-жақты және көң көлемде білім беру».

Ол оқыту процесінде:

- 1) Білім беру мен тәрбиелеуде мұғалімнің ролін жоғары қойды.
- 2) Оқу-материалдың базасының шешуші маңызын атап көрсетті.
- 3) Оқулықтарды таңдал ала білуге үлкен мән берді. Инспектор ретінде тиісті оқулықтарды өзелі өзі оқып шығып, кейін қажет деп тапса, мектепте пайдалануға ұсынып отыруды.

Ұбырай барлық уақытта оқу бағдарламаларымен шектеліп қалмай, оларды кеңейте, қолға түсken қосымша материалдармен толықтыра түсуді оқушылардан талап етіп отыруды. Білім беруде кітапхананың орны ерекше бағаланады. Ол: «Жаңы білім беру көрек, қалай болса солай, оқытуға болмайды», «Оқытатын кітаптар ғылымға негізделуі тиіс», – деді.

Ұбырай Алтынсарин адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтерді, оны шешу жолдарын іздестірді. Бұл жағынан алғанда ол революцияшыл демократтар мен орыс педагогикасы классиктерінің негізгі идеяларын толық мәнгерді. «Оқушылар кейіннен парақор болмас үшін, олардың өнегелі болып өсуіне жәрдемдесуге барлық құшіммен тырысамын», – деді. Оның өлеңдері (аудармалары) мен әңгімелерінің (аудармалары) түгелдей тәрбиелік мәні бар.

Білім мен тәрбие ісінде рухани-мәдени құндылықтарды игеруді, ұлттық сананың қалыптасып өсуіне жағдай туғызууды тарихи мұраларға жаңаша көзқараспен қарауды өмір қажет етіп отыр. Қазіргі Республика мектептеріне білім беру және тәрбиелеу теориясы жөнінде бағыт нұсқауышы материалдар аз емес. Жаңалықтармен қатар өткен мұраларға барынша мұқият қарап, бүгінгі күн талабына сай талдап, оның ішінен пайдалы ілімдерді ала білу ұлттық мектептер үшін аса қажетті шарттардың бірі. Өсіреле Ы.Алтынсариннің педагогикалық теориялық ілімдерінің орны ерекше.

Мысалы: Ы. Алтынсариннің әдебиет саласындағы еңбектері - тәрбиелік міндеттерді тікелей жүзеге асыруға болатын әдістемелік мұра. Қазақ ауыз әдебиетімен етene таныс Ы.Алтынсарин фольклорлық материалдарды кеңінен пайдалану арқылы ұлттық сана тәрбиелеуді жүзеге асыруға жол ашады. Мектеп бағдарламасында берілген «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт» сияқты шығармаларынан адамгершілік, еңбек тәрбиесінің маңызы мен мәнін тереңінен үғынуға болады. Ы.Алтынсариннің түсінуінше, еңбектің мәні, еңбектің маңызы адамға керекті қажетін өтеп, оны қанағаттандырып көнілін жай етуінде ғана емес, Алтынсариннің еңбектің әлеуметтік маңызын атап көрсетуінде. Езу, зорлау, біреудің енбегін иемдену – бұл қофамның соры, қазіргі әлеуметтік тәртіптің кемшілігі. Қазіргі XX ғасырда да осы мысалдарды толығымен келтіруге болады. Әрине өмір тұрғысынан алғанда мысалы қазіргі жастарымыз өте ақылды, соңы шығып жатқан ғылыми техниканы мәнгерген. Еліміздің болашағы үшін шетелдерде білім алғып жүрген жастарымыз қаншама, бірақ осы айтылғандарды үлгі өте отыра, басқаларын тәрбиелеуіміз керек. Сол сияқты «Атымтай Жомарт» арқылы көп нәрсені оқушыларға үғындыруға болады. Ол бай бола тұрып еңбекті жоғары бағалайды, еңбек етуді сүйеді. Ол үстіне ескі киім киіп, шөп тасып, жұмыс қылады. Бір күні оған жақын-туыстары келіп:

- Жомарт, таусылмас дәулеттің бар, ашқа-тамақ, жалаңашқа-киім, үйсіздерге-үй болдыңыз. Сейте тұра өз басынғызды кемшілікке салып, жарлы кісішіе отын кесіп, шөп тасып жұмыс істейтініңіздің мәні қандай? – дейді.

Сонда Атымтай оларға былай деп жауап беріпті:

- Бұған төрт түрлі себеп бар. Оның өуелгісі - әдемі ат, асыл киім, асқан байлықты әдептесең көніліңе жел кіргізеді. Сол желіккен көнілімнен өзімнен дәрежесі төмөндерге же-рініп, көз салмай, мастанып, жетім-жесірлерге жәрдем беруді ұмытып кетемін бе деп қорқамын. Оның екіншісі – бар бола тұрып, жұмыс қылсам, мұнымның кемшілік емес екендігін кейінгілер біліп, өсиет - өнеге алсын деймін. Оның үшіншісі – күн сайын өз бейнетіммен, өз енбегіммен тапқан бір-екі сомға наң сатып алғып жесем, бойыма сол тاماқ болып сіңеді, еңбекпен тапқан тاماқ тәтті, сіңімді болады. Оның төртіншісі – Атымтайдың айтуынша, еңбекті сую - адамның адамгершілігін арттыратындығында.

Ы. Алтынсариннің келесі бір шығармасы «Бай баласы мен жарлы баласы». Асан мен Үсен әңгімесі – шындық реалистік әңгіме. Осы әңгімесінде Алтынсарин бүкіл ағартушылық енбегінің негізгі сырын, әлеуметтік тенденциясын айқын ашып береді. Үсен арқылы еңбекші бұқараның жас ұрпағының еңбек сүйгіштігін, әр нәрсенің ретін таба билетіндігін көрсетеді. Ал Асан бейнесінен мұндай қасиет байқалмайды. Үсен бейнесінен тек еңбек сүйгіштікten басқа, дәрменсіз Асанға көмегі оның адамгершілік жағынан бейнесін сондай түседі. Мұнда қазақ өміріндегі Асанға лайық үқсас мінездерін айқын көрсетіп береді. «Ол жастайынан сұрағанын әперетін, дегенін істейтін кісісі болғандықтан жатып ішер болуға әдettенеді»... «Ол еш нәрсе істеуге әдettенген жоқ, демек, өзінің не істей алатынын, несі

жоқ екенін жақсылап айыра алмайды». Осы жерде қорытынды жасай кететін болсақ: мұндаиды балалар қазірдің өзінде де кездесіп отырады. Олар әке-шешелерінен көмек күтіп таңнан кешке дейін отырудан тайынбайтындар кездессе, керісінше бос уақыттарында пайдалы іспен айналысып, ата-аналарынан көмектерін аямайтын балаларды да жиі кездестіруге болады. Осы әңгіме арқылы мектеп оқушыларына жақсы мен жаман, кедей мен бай, сараңдық пен жомарттық туралы сөздермен біраз мағлұматтар беруге болады.

Ы.Алтынсариннің әңбектерін орыс сыныптарында да салыстыра отырып қолдану ете тиімді деп ойлаймын.

Қазіргі таңда қазақ жазба әдебиетінің үлгілерін орыс тілді аудиторияда оқытудың әдістері жолға қойылып, қолданылып келеді. Қай іс болсын ең алдымен жан-жақты іздену мен мол материалды жинақтаудан басталып, оларды бірізділікке түсірумен аяқталатыны белгілі.

Ы.Алтынсариннің ой өнері мен қызметін үйрету, білгізу, жалпы, әдебиет, педагогика тарихына үнілу аса қажетті нәрсенің бірі.

Ы. Алтынсарин хрестоматиясы мектепте ұлт тілін үйренудің тамаша бастамасы болды. Үбырай хрестоматиясына халық әдебиеті мен жазба әдебиеті идеясының мазмұнды, ең жақсы үлгілері енді де, мәтіндерде білімділік, тәрбиелік және эстетикалық жағы туғел қамтылды. Мектепте орыс тілін үйретуге байланысты Алтынсарин аударма әдісі дейтін жүйені енгізді. Алтынсариннің жүйесіндегі аударма әдісі сөйлеудің алғашқы даму сатысында үлкен орын алады. Екінші, үшінші сатыда табиғи әдіс басым болады, бұл әдісті қолдану орыс әліппесін және оқытын алғашқы кітаптарды пайдалануға, маңайдағы заттар мен құбылыстар туралы оқушылармен әңгіме өткізуге тиісінше жол ашады.

Ы.Алтынсариннің әңбекке қатысты шығармаларымен таныса отырып, философиялық ой түюге болады, ол ұлы ұстаздың әдептілік қағидаларынан шығады. Бұл қағидалар мен өлшемдер адамгершілік тәрбиесінің негізгі мұраты, өйткені адамға мағыналы өмір сүру үшін белгілі бір мақсатқа қарай әрекет жасауы керек, ол – әңбек әрекеті. Осы жолда адам көптеген қарама-қайшылықтарды жене отырып өзіне қанағат алады. Пайда болған қанағат келесі қажеттілікті тудырады, қажеттілік әрекет етуге жетелейді, ол жаңа мақсаттың орындалуына ұмтылу болып табылады. Ы.Алтынсариннің әңбек идеялары осындағы диалектикалық заңдылықтар негізінде іске асады. Еңбектің адам өмірінде атқаратын міндеттінің зор екендігін және ол өмір сүрудің мағынасы мен мазмұн дәрежесінің көрсеткіші екендігін өзінің балаларға арналған әңгімелері арқылы дәлелдейді. Енді солардың бірнешеуінен мысал келтіретін болсақ, Ы.Алтынсариннің «Сәтемір хан» әңгімесінде кішкентай ғана ақсақ құмырсқаның қайта-қайта құлағанына қарамастан қабырға арқылы үйдің тәбесіне шыққанын көріп отырған Сәтемірге мынадай ой келеді: «Өзі ақсақ құмырсқа әңбектене отырып өзінің мақсатына жетті, ал мен болсам, тұқ бітірмей жүрмін. Маған мына құмырсқадан үлті-өнеге алу керек екен» деп, ақырында өз елінің ақылы толған патшасы болыпты. Бұл әңгімeden әңбек үлкен мұратқа жеткізіп, қуаныштар әкелетінін, ол қуаныш қажеттіліктен туған мақсатқа жету идеясын көрсетеді.

Ы.Алтынсариннің әңбек арқылы дүниетаным туралы қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Адам өмірінде әңбек бақыт, қанағат пен қуаныш әкеледі және әңбек адам өмірінің физиологиялық қажеттілігі болып табылады. Ы.Алтынсариннің көптеген шығармалары өмірдің мәні және мағынасы екені дәлелдейді, ол адам өмірін әңбек әрекетінсіз мәнсіз деп есептейді. Еңбек әрекетінің біткені - өмірдің біткені. Ал біреудің әңбектерімен күн көру арамтамақтың және ақымақтың, яғни адалдық қасиеттің жоқтығы. Бір кездегі Ы.Алтынсариннің ойлаған арманы, әңбек идеялары, қазіргі заманда адам өмірінде орын тапты. Педагогтың осындағы прорессивті идеялары мектептің оқу-тәрбие жұмысы арқылы іске асып отыр. Атап айтқанда, Ы.Алтынсариннің әңгімелері тәменгі сыныптарда оқу үрдісі арқылы жүзеге аса, кейбір сыныптарда тәрбие сағаты, сыныптан тыс оқу, конференцияларда, әңбек тәрбиесіне байланысты диспуттарда іске асады.

Ы.Алтынсариннің әңбек туралы пікірлері, идеялары қазіргі біздің экономикалық жағдайларға қойылатын талаптармен сәйкес келеді.

Қазіргі қоғамымыздың өзгерістерге байланысты пайда болған әлеуметтік жағдайларда әңбек етпеген адам өмір сүре алмайды, қайыршылыққа, өлімге дейін барады.

Оқушыларды әңбекке тәрбиелеуде оның шығармаларынан аларымыз өте мол.

Ы.Алтынсарин адаптациялық әңбек етуді, қанағат ете білуді адамгершілік қасиет деп санады. Оның «Біз өзіміздің адаптациялық әңбекімізден тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам – шын бақытты адам» дегені – соның нақты айғагы.

Ы. Алтынсариннің надандық туралы жазған әңгімелерінің бірінде: бір дүмшесінде молдағы ауылда ұзақ уақыт көпті алдап келгенін айтады. Оның орнына жаңадан басқа молда келіп, ол кететін болады. Өтірігім шығып қалады деп қорықан дүмшесінде молда көптің алдында құран оқыған болып, дауысын созып жаңа молдаға: «Менің өтірігімді ашпа, сенің нең

кетеді. 15 түйе мен бір атты бөліп аламыз» дейді. Азған елдің ортасында кедейдің қанын сорады деп жазады ол. Міне, осы шығарманың өзін осы құнмен салыстыруға әбден болады. Қазіргі біздің «жемқорлық» деп немесе үкімет пен жазықсыз қарапайым халықтың қаражатынан құн көріп жүргендер осы әңгіменің аясына сайып келетіні хақ.

Ыбырай әңгімелерімен танысқанда ең бірінші орында жастарды тәрбиелеу мәселесі тұрғанын үғамыз. Бала тәрбиесі - өте курделі, нәзік те жауапты іс, бізден рухани қүшімізді түгелдей іске қосуды, шыдамдылықты, сүйіспеншілікті талап етеді. Алтынсарин әңгімелері балаларды бірлікке, бауырмалдылыққа, еңбексүйгіштікке шақырады. Әңгімелерінен қазақ халқының сыр-сипатын, рухы мен ақылын, адамгершілігі мен мінез-құлқын, өмірінің көп сирын көреміз.

ХХI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатындығы мойындалды, оған ғасырлар тоғысындағы білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағытарына арналған реформалардың қарқынды дамуы дәлел.

Үшінші мыңжылдық-құзыреттілік білім беру жағдайында мамандардың инновациялық даярлығын қажет ететін, жаңа түрпатты инновациялық іс-әрекет кезеңі.

Құзыреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үрдіс - бір жағынан нысаннның, педагогикалық идеяның деректер мен тұжырымдамалардың, теорияның, әдіс-тәсілдерінің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үрдіс болса, екінші жағынан педагогикалық қауымдастықтың сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны менгеру, қолдану, талдау, салыстырмалы бағалау үрдісі болып табылады.

Сондықтан бүгінгі таңда қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, үлттық тәлім-тәрбие алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаға мемлекеттік тілді үйрету, іс қағаздарын мемлекеттік тілде сауатты толтырып, өз көсібін, мамандығын мемлекеттік тілде жүргізе алатын мамандар дайындалап, қалыптастыры мәселесі алда тұр. Бұл мәселені шешу – ой-санасы дамыған, бәсекеге кабілетті, көсіби құзыреттілігі жоғары болашақ мамандарды дайындау арқылы жүзеге асады.

Мәселен, тілді үйрету бастауыш мектептен басталады. Кез келген адамның болашақтағы жолының қандай болмағы бала күнінде игерген білімі мен игерген дағдыларына, машиқтарына тікелей байланысты. Өсіреке, саналы білім алудың алғашқы баспалдағы болып саналатын бастауыш мектеп, оқушының тұлғалық та, интеллектуалдық та дамуы ерекше серпінмен жүретін қуатты кезеңі ретінде бағаланады.

Бастауыш мектеп балаға тек әріп үйретумен, оқуға жазуға төсөлдірумен шектелмейді. Мұндағы басты жетістік – баланы ортада өмір сүрге, өз достарымен ғана емес, түрлі әлеуметтік топ құрамында өзінің орны мен рөліне сәйкес дұрыс қарым қатынас жасай алатын дағдыларын қалыптастырумен құнды. Яғни баланың жалпы адами қасиеттерін әлеуметтік жағынан жетілдіру алға шығарылады. Бұл кезде бала «тіл үйренумен қатар, тілдің көп ұғымдарын ойларын, сезімдерін, сөйлеу үлгілерін, ойлау қабілетін де менгереді».

Тілдік әрекет жасау үшін оқушы өуелі лексикалық сөздік қорды жинақтауы қажет. Бұл қатысымдық мәдениеттің ең маңызды жолы болып табылады. Сондықтан сөздің тілдік қатынас жасауындағы орнын даралап «сөз лексикалық және грамматикалық тұлға», – деп анықтайды профессор Ф. Оразбаева. Оқушының сөздік қорын байытып отыру – тілдік әрекет жасаудағы негізгі мәселе. Сөз қорынсыз тілдік әрекет болуы мүмкін емес. Сөздік жұмыс әр сабак үстінде, жыл бойында оку кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуді керек ететін сондықтан. Сөздік қор сабак сайын жаңа сөзben толықтырылады. Сөздік үйрену тілдік жағдаяттар жасау арқылы, зейін аударудан бастап, тілдік әрекетке енуге дейінгі амалдарды қамтиды. Сондықтан тіл игерудің деңгейін сөйлем құрастырумен шектеуге болмайды. Оқушы мәтін құрастырып, ұсынылған жағдайда тілдесім жасау дәрежесіне жеткенде ғана, тілдік қатынас еркін тілдесім деңгейіне көтеріледі.

Негізгі және жоғарғы сыныптарда оқушы жекелеген сөздерді ғана емес, тіпті астарлай айтылған сейлемдер мен мәтіндердің, мақал-мәтедердің нақыл сөздердің астарындағы ойды ашуға талпыныс жасайды. Ол сол сөздің мағынасын ғана емес тәрбиелік қуатын таниды, ұсынылып отырган тапсырманы өз қажеттілігіне сай пайдаланады. Өзгелермен пікірлесу, пікір таласу арасында алған білімі мен дағдысын қару ету етіп жұмсауға төсөледі. Сөзді түсіну қабілеті енді өз пікірін дәйектеу, дәлелдеу, тұжырымдау мақсаттарына қызмет ететін болады.

Проблемалық оқыту технологиясы тұрғысынан қарасақ, сабактағы барлық тапсырмаға проблемалылық сипат тән. Өйткені олардың әр қайсысы оқушының өздігінен ізденіп, ортақ мәмлекет келуін талап етіп отырады. Сондықтан оқушылар алдын ала шыққан кедергілер мен тосқауылдарды айналып өтпей, нақты шешім жасауға тиісті. Ал оған жету үшін мынандай құзыреттіліктерді қалыптастыру көзделеді:

1. Ақпараттық құзыреттілік бойынша: тілдің танымалдылық қызметтілік өз мақсатына сай қолдана алу; сөйлеу әрекетін жоспарлауда және оны жүзеге асыруда ақпараттарды талғап қолдану; мәтіннің тілдік құралдарын стильдік түрғыда анықтай алу;

2. Коммуникативтік құзыреттілік бойынша сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдыларды менгеру ауызша және жазбаша тілді сөзді құрау ережелерін, сөзді таңдау тәсілдерін және грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларды ұстану; көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын менгеру; Коммуникативтік құзырет – мәдени әлеуметтік нормаларды білу, тілдік факторларды коммуникативтік жағдаятта қарай орынды жұмсау, сөз этикасын сақтау, диалогтің сәтті болуының алғы шарттары.

3. Мәдени-танымдық құзыреттілік бойынша: пікір талас мәдениетіне қатысты термин сөздің мәнін ұлттық дінмен байланыста ашу; ұлттық-мәдени ұғымдарды ажырату алу этно-психологиялық, этно-педагогикалық тұжырымдарды менгеру, тілдің ұлттық құндылық ретіндегі мәнін фактілер негізінде анықтау;

4. Креативтілік құзыреттілік бойынша: көсіби мәтін құруда сөз тәркестерін жазып, оларды аударып, лексика-грамматикалық жаттығулар жасау барысында оқушылардың мынандай креативтілік қабілеттері қалыптасады тәжірибеге ұмтылушылық, яғни жаңа проблемаларды икемді шешуге бейімділік, талқылауга икемділік тапсырманы шегіне шыға алу, ой ұшқырлығы, яғни тез арада, кенеттен шешім шығару тәсілдерін өзгерте алу қабілеттігі, ойлау ерекшелігінің болуы, яғни өзбеттілік, даралық ерекшелік, шешім шығара алу қабілеттілігінің қалыптасуы.

Қорыта келгенде, ыбырайдың балаларға, жалпы алғанда, жастарға тәлім-тәрбие берудегі қуаты күшті асыл мұрасын жеткіншектер тәрбиесіне пайдалана білудің берері көп. Ы.Алтынсарин жас үрпақты тәрбиелеу мәселелерінде орыс ағартушыларының еңбектерін ете жоғары бағалады.

Орыс әдебиеті классиктерінің еңбектерімен танысу, Л.Толстой, К.Ушинский сияқты белгілі ағартушылардан үйренуі, Алтынсариннің өмірге көзқарасын тереңдете түсті, қазақ қоғамының негізгі мәселелерін дұрыс танып, оларға нақтылы пікір айтудына жәрдемін тигізді.

Ұлы ағартушы орыс-қазақ халықтарының достығының дәнекері, тарихшы, этнограф, қазақ даласына тұнғыш рет білім нұрын шашқан ардагер азамат Алтынсаринді туған елі ешuaқытта ұмытпақ емес. Оның асыл шығармалары жас үрпақты адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуде баға жетпес рухани қазына болып, қала бермек. Ыбырай атамыз былай деген екен: «Мектеп – қазақтарға білім берудің негізгі кілті. Бар үміт те, қазақ халқының көлешегі де осы - мектепте. Ал біздің үміт артатынымыз – болашақ үрпақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф. Тілдің қатынас: теориясы мен әдістемесі. Алматы 2000ж.
2. Ә. Сыдықов. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы, 1969ж.
3. «Қазақстан мұғалімі» газета Алтынсариннің жастар тәрбиесі жөніндегі еңбектері. 12 қараша 1993ж. 3-бет

ФОРМИРОВАНИЕ УСПЕШНОЙ ЛИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ В ПРЕЛОМЛЕНИИ ОСНОВНЫХ ИДЕЙ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ

Кудрявцева Н. В.

ГУ «Средняя общеобразовательная школа №5
отдела образования акимата города Костаная»

«Достоинство человека определяется тем, каким путем он идет к цели».

Наша же общая цель – крепкий, процветающий Казахстан.

1. Обозначение проблемы. Мы живём в эпоху грандиозных перемен: социальных и экономических, информационное поле вокруг нас развивается с невероятной скоростью – это здорово! Но процессы демократизации, которые разворачиваются в нашем обществе, ставят задачи по осмыслению истории и самого общества, и его новых социальных институтов. Актуальной проблемой современности становится возрождение культурно-исторического наследия прошлого, одним из компонентов которого является народная педагогика с её богатейшими традициями и опытом воспитания подрастающего поколения, вместе с тем на невероятную высоту поднимаются задачи образования и воспитания. Великий педагог-просветитель Ибраїл Алтынсарин писал: «На нашу долю теперь выпало самое ответственное время, когда всё надо еще создавать, вводить эти нововведения ... освещать всё, насколько хватит у нас сил и уменья...». Слова, ставшие девизом просветите-